шығыс: №01 от 12.01.2026

Конкурстық комиссия мүшелеріне

ЖК Шакенова К.Б.-ның шағымына
№15800082-ОК1 конкурс бойынша

«BASTAU region-12» ЖШС, ЖК Шакенова К.Б.-ның конкурс қорытындысына қатысты жолдаған шағымын негізсіз деп есептейді.

«BASTAU region-12» ЖШС конкурстық өтінімі «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы негізінде жүзеге асыру қағидаларының талаптарына толық сәйкес келеді.

Конкурсқа қатысу барысында аналогиялық тауарларды жеткізу тәжірибесін растайтын барлық қажетті құжаттар толық көлемде ұсынылды.

Қағиданың №8 қосымшасында ашық түрде баяндалады;

«Ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 7 жыл ішіндегі жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды жеткізу мерзімі көрсетілген, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен, сондай-ақ конкурс өткізілетін тиісті өңірде аталған шарттарды орындау барысында әрбір ай үшін ресімделген тауарларды қабылдау-тапсыру актілерімен расталады.» деп жазылған. ЖК Шакенованың хатында «BASTAU region-12» ЖШС-і жылдық тәжірибеге ұсынылған мекемелердің ақпараттарын көрсетпеді деген шағымы негізсіз, себебі Қағиданың №8 қосымшасында яғни қолданыстағы заңнамада және типтік конкурстық құжаттамада аналогиялық шарттар бойынша ақпараттарды міндетті түрде 7 тапсырыс берушіні көрсету туралы талап көзделмеген яғни, Заң талаптарын бұзушылыққа жатпайды.

Осыған байланысты, Қағиданың №8 қосымшасында «Жеткізушіні таңдау критерийлері» негізінде конкурс комиссиясы «BASTAU region-12»-ке тәжірибе үшін баллды заңды түрде толық көлемде берді.

ЖК Шакенова К.Б.-ның шағымында келтірілген уәждер:

- заң нормаларымен расталмаған;
- конкурс қорытындысын қайта қарауға негіз болып табылмайды.

Осыны ескере отырып, ЖК Шакенова К.Б.-ның шағымын қанағаттандырусыз қалдыруды, ал №15800082-ОК1 конкурсының қорытындысын өзгеріссіз қалдыруды сұраймыз.

Директор **Чанбаева Ж.Т.**